



ҚазЭкспортГарант

«ҚАЗЭКСПОРТГАРАНТ»
ЭКСПОРТТЫҚ КРЕДИТТІК
САҚТАНДЫРУ КОРПОРАЦИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2015



BAITEREK



МАЗМҰНЫ / БӨЛІМНІҢ АТАУЫ

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	4
Басқарма Төрағасының үндеуі	5
БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР	6
1. Миссиясы, көрінісі, стратегиялық мақсаттары және міндеттері	7
2. ҚазЭкспортГарант туралы ақпарат	8
3. Қызметтің негізгі түрлері	9
4. Қызметтің басты көрсеткіштері	11
НАРЫҚ ТАЛДАУЫ	12
5. Соңғы үш жыл ішіндегі қызмет нәтижелерін бағалау	13
6. Қызметтің негізгі түрлері бойынша нарықтық үлесі	16
7. Өнімді өткізу / Қызмет секторлары	19
КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ	24
8. Елеулі корпоративтік оқиғалар	25
9. Корпоративтік басқару жүйесі туралы ақпарат	26
10. Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі туралы	28
11. Басқарма қызметі туралы	35
12. Басқарма және Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақысының негізгі принциптері	36
ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	37
13. Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ақпарат	38
14. Персоналмен жұмыс туралы ақпарат	40
15. Болашақ кезеңдерге мақсаттар туралы жалпы ақпарат	41
ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	42
16. Жылдық қаржы есептілігі	43

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ҚР Үкіметінің, әкімдіктердің және кәсіпкерлерді қолдау институттарының алдына қойған басым міндеттердің бірі экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, қазақстандық тауарларды сыртқы нарықтарға шығару үшін жағдайлар жасау қажеттілігі болып табылады. Сингапур, Таиланд, Малайзия секілді елдердің тәжірибесі экспортқа бағытталған стратегиялардың артықшылығын көрсетіп берді, тауарларды сыртқы нарықтарға шығару осы елдердің екпінді экономикалық өсуіне септігін тигізді. Қазақстанның 2015 жылғы желтоқсанда Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіруі де кәсіпкерлердің алдына жаңа міндеттері қойып отыр – енді бүкіл әлемнің тауарларымен бәсекелесуі тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында отандық кәсіпкерлікті және өңдеуші өнеркәсіпті қолдауға бағытталған шаралар кешені жүйелі түрде іске асырылуда.

Мәселен, Қазақстанды индустриялық дамыту жөніндегі мемлекеттің ең ауқымды бастамасы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады, оның шеңберінде «ҚазЭкспортГарант» экспорттық кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ (ҚазЭкспортГарант) экспортты қолдау жөніндегі оператор болып табылады,

оның қызметі өңдеуші сектордың қазақстандық өнімдерін шетелдік нарықтарға қолдау көрсету жөніндегі қаржылық механизмдерді құруға бағытталған.

Біздің Елбасының «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына сәйкес отандық даму институттарын жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қамқорлығына біріктіру қазақстандық өнімдердің экспорттаушыларын және инвестицияларды кешенді қолдауды іске асыруға жағдай жасайды.

Акционер жүргізген жұмыс ҚазЭкспортГаранттың негізгі көрсеткіштеріне оң ықпал етті. Экспорттық операциялар экономиканың машина жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары және тамақ өнеркәсібі секілді шикізаттық емес секторларына қолдау көрсетілді.

ҚазЭкспортГаранттың қолдауымен қазақстандық өндірушілердің өнімдері 2015 жылы Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне де, Әзірбайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан, сондай-ақ Қытай, Германия және БАӘ секілді таяу және алыс шетелдерге де экспортталды.

ҚазЭкспортГарантқа даму қарқынын төмендетпеуді, қазақстандық экспорттаушылардың сенімін және олардың халықаралық нарықтағы позицияларын нығайтуды, сондай-ақ бизнестің жаңа мүмкіншіліктерін ашу арқылы озық тәжірибені ендіруді жалғастыруын тілеймін.

*«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы
Директорлар кеңесінің Төрағасы
Е.А. Досаев*

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР!

Өткен 2015 жыл ҚазЭкспортГарант үшін қазақстандық экспорттың географиясын кеңейту жылы болды. ҚазЭкспортГаранттың қолдауымен «Рахат» АҚ, «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «Raimbek Bottlers» ЖШС, «RG Brands» ЖШС, Қостанай кондитерлік фабрикасы, «Баян Сұлу» АҚ секілді жетекші қазақстандық өндірушілердің өнімдері Арменияға, БАӘ-не, Ресейге, Тәжікстанға және Өзбекстанға экспортталды. Қазақстан үшін алғашқы «Локомотив Құрастыру Зауыты» АҚ отандық локомотивтерін Әзірбайжанға жалпы 8 928 млн. теңге сомаға экспортын лизингтік сақтандыру схемасы бойынша халықаралық деңгейдегі экспорттық мәміле жасалды.

Қазақстандық өнімдердің экспортын қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ҚазЭкспортГарант 32 отандық экспорттаушылармен жалпы 19,8 млрд теңге сомаға 107 сақтандыру шарттарына қол қойды, бұл 2014 жылдың көрсеткішінен екі еседен көп асады. Экспорттық саудалық қаржыландыруды беру жөніндегі серіктестер «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ және «Forte Bank» АҚ болды.

2015 жылдың қорытындылары бойынша оң қаржылық нәтиже алынды. 2015 жылғы таза пайда 1 947 млн теңгені құрады, бұл 2014 жылдың ұқсас көрсеткішінен 2 еседен көп асып түседі. Компанияның активтері 20 %-ға өсті және

15 352 млн теңгені құрады.

2015 жылы ҚазЭкспортГарант 2015-2019 жылдарға ИИДМБ шеңберінде экспорт алды қаржыландыру жөніндегі жаңа жобаны іске қосқанын атап өту керек. Бұл бағдарламаны іске асыру мақсатында қазақстандық банктерге экспорттық саудалық және экспорт алды қаржыландыру жөніндегі 1,7 млрд теңге шартты салымдар орналастырылды.

ҚазЭкспортГаранттың 2016 жылға арналған жоспарларында экспорттық-кредиттік қолдау құралдарының желісін кеңейту бар. Бұл экспорттық келісімшарттар бойынша қаржылық-сақтандыру қолдау сыйымдылығын ұлғайтуға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға және кеңейтуге, сондай-ақ 2015-2019 жылдарға ИИДМБ сәйкес басым салаларда әрекет ететін экспорттаушылар үшін тұрақты артықшылықтарды құруға және сауда көлемдері мен отандық өнімдердің географиялық бағытталуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Экспортты кешенді және тиімді қолдау мақсатында ҚазЭкспортГарант «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на кіретін басқа даму институттарымен, сондай-ақ қайта сақтандыру арқылы және жеке және халықаралық сақтандыру компанияларын тарту арқылы бірлескен жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.

Біз болашаққа әрқашан оптимизммен қараймыз, тиімді және өзара пайда ынтымақтастығы үшін өз клиенттеріміз бен серіктестерімізге алғыс білдіреміз, ынтымақтастығымызды қолдаймыз және кеңейте береміз!

Басқарма Төрағасы
Р.В. Исаков

БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР

6



1. МИССИЯ, КӨРІНІСІ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

МИССИЯСЫ

ҚазЭкспортГаранттың миссиясы экономиканың басым секторларында шикізаттық емес тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің экспортының өсуін қолдау және қазақстандық экспорттаушыларды қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау практикасын қалыптастыру болып табылады.

КӨРІНІСІ

ҚазЭкспортГаранттың 2023 жылға көрінісі – Қазақстан Республикасының Орталық Азиялық өңірдегі және Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі мемлекеттік сыртқы экономикалық саясатын іске асырудағы басты даму институты болу.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ 2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МІНДЕТТЕРІ

Өз миссиясын және көрінісін іске асыру мақсатында ҚазЭкспортГарант ҚазЭкспортГаранттың 2014-2023 жылдарға арналған Дамыту стратегиясында бекітілген келесі үш шешуші стратегиялық бағыттар бойынша жұмысты жүргізеді:

1. Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандырумен қолдауын дамыту;
2. Қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық қызметіне қаржылық емес қолдау көрсету;
3. Қайта сақтандыру.

№	Стратегиялық бағыттар	Мақсат	Стратегиялық міндеттер
1	Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандырумен қолдауын дамыту	Қазақстандық тауарлардың экспортын алға бастыруға жағдай жасау	Қазақстандық кәсіпорындардың тауарлық және географиялық экспансиясын ұлғайту мақсатында қаржылық-сақтандыру қолдау көрсету 2010-2014 жж. арналған ҮИИДМБ және 2015-2019 жж. арналған ИИДМБ шеңберінде саудалық қаржыландыру операцияларын қолдауын
2	Қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық қызметіне қаржылық емес қолдау көрсету	Отандық кәсіпорындарды ұлттық экспортты қаржылық-сақтандырумен қолдаудың артықшылықтары туралы хабарландыру	Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметінің мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді кеңейту
3	Қайта сақтандыру	Қайта сақтандыру операцияларының тұрақты өсуін қамтамасыз ету	Қазақстанда қайта сақтандыру бизнесінің инфрақұрылымын дамытуға және ұлттық сақтандыру нарығының сыйымдылығының ұлғаюына ықпал ету Капиталдың шетелге жыластауын азайтуға қолғабыс көрсету, қазақстандық сақтандыру ұйымдары үшін көлемді ұлғайту

2. ҚАЗЭКСПОРТГАРАНТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2003 жылғы 12 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 442 Қаулысымен Елбасының халыққа 2004 жылғы Жолдауына сәйкес «ҚазЭкспортГарант» экспорттық кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ мемлекеттің шикізаттық бағытталуынан шегінуге және экономиканың өңдеуші секторында экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға қолғабыс көрсету мақсатында жаңа даму институттарының бірі ретінде құрылды.

2004 жылғы ақпанда ҚазЭкспортГарант Ірі халықаралық экспорттық-кредиттік агенттіктер қауымдастығының Берн Одағы Прага клубының толық мүшесі атанды, бұған 34 ел өкілі болып табылатын 37 агенттіктер және 3 трансұлттық ұйымдар кіреді.

2004 жылғы 4 қарашада ҚазЭкспортГарант – «Moody's Investors Service» рейтинг агенттігінен (бұдан әрі – Агенттік) қаржылық тұрақтылықтың халықаралық рейтингін алған Қазақстанның алғашқы сақтандыру ұйымдарының бірі. 2015 жылы Агенттіктің кредит рейтингтері қызметі ҚазЭкспортГаранттың «Ваа2» деңгейіндегі «Тұрақты» болжам рейтингін растады. Бұл Қазақстанның және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің сақтандыру компанияларының арасындағы ең жоғары рейтинг болып табылады.

2005 жылдың қаңтарынан бастап ҚазЭкспортГарант қазақстандық сақтандыру нарығында қайта сақтандыру компаниясы ретінде операция жасай бастады, ол операциялардың бұл түрін пропорционалды негізде, пропорционалды емес негізде жүзеге асырады.

2010 жылы ҚазЭкспортГарант экспорттық саудалық қаржыландыру жөніндегі операцияларды қолдау мақсатында жарғылық капиталды ұлғайтуға республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге қаражат алды.

2012 жылы Қазақстан тарихында алғаш рет қаржылық-сақтандырумен қолдау арқылы ҚазЭкспортГарант отандық локомотивтердің Тәжікстан Республикасына экспорты жүзеге асырылды.

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» ҚР Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына сәйкес ҚазЭкспортГаранттың жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ атанды.

2014 жылғы 12 тамызда ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесі 2014-2023 жылдарға Даму стратегиясын бекітті, ол «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму стратегиясына, сондай-ақ ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес әзірленді және оның миссиясын, көрінісін, стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

2014 жылғы қарашада ҚазЭкспортГарант Amap Union-ның – Ислам мемлекеттері мен араб әлемінің Ірі экспорттық-кредиттік агенттіктерінің қауымдастығының ресми толық мүшесі атанды. 2015 жылғы ақпанда ҚазЭкспортГарант 1934 жылы құрылған және экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандырумен айналысатын сақтандыру компанияларының ресми емес бірлестігін білдіретін Берн одағының Байқаушысы мәртебесін алды.

2015 жылдың қазанында Қазақстан тарихында алғаш рет ҚазЭкспортГаранттың қатысуымен Әзірбайжанға 10 отандық

локомотивтерді жеткізу жөніндегі лизингтік қаржыландыру схемасы бойынша халықаралық деңгейдегі алғашқы экспорттық мәміле жасалды, мұнда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «БРК-Лизинг» АҚ және ҚазЭкспортГарант) отандық экспорттаушыға мәміленің қолданылуының бүкіл мерзіміне құрылымдаудан, қаржыландырудан және сақтандыру қорғанысынан бастап қызметтердің толық спектрін берді.

2004

2004 жылғы ақпанда ҚазЭкспортГарант Ірі халықаралық экспорттық-кредиттік агенттіктер қауымдастығының Берн Одағы Прага клубының толық мүшесі атанды, бұған 34 ел өкілі болып табылатын 37 агенттіктер және 3 трансұлттық ұйымдар кіреді

3. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

ҚазЭкспортГарант, Қазақстан Республикасының даму институттарының бірі ретінде мемлекеттің шикізатқа бағытталуынан шегінуіне және экономиканың өңдеуші (шикізаттық емес) секторында экспортқа бағытталған өндірістерді дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға қолғабыс көрсету мақсатында қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- ▶ шикізаттық емес тауарлардың/жұмыстардың және қызметтердің экспортын сақтандыру;
- ▶ шетелге тікелей қазақстандық инвестицияларды сақтандыру;
- ▶ сыртқы экономикалық қызметті сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
- ▶ экспорттық саудалық қаржыландыруды беру;
- ▶ қайта сақтандыру қызметі.

Негізгі қызмет түрлеріне сәйкес ҚазЭкспортГаранттың өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың тізбесіне:

- ▶ қазақстандық экспорттаушы кәсіпорындар;
- ▶ тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің экспортын жүзеге асыратын ШОБ субъектілері;
- ▶ шетелге инвестицияларды жүзеге асыратын инвесторлар;
- ▶ экспорттаушыларға қаржы беруге немесе экспорттаушылардың сыртқы сауда операцияларына қызмет етуге қатысатын қазақстандық және шетелдік кредит ұйымдары;
- ▶ басқа елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктері (бұдан әрі – ЭКА);
- ▶ жергілікті сақтандыру компаниялары және сақтандыру брокерлері;
- ▶ шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниялары және брокерлері.

САҚТАНДЫРУ ӨНІМДЕРІ

ҚазЭкспортГаранттың өнімдері жетекші ЭКА тәжірибесінің негізінде әзірленді және экспорттық кредиттерді сақтандыру саласындағы озық халықаралық практикаларға сәйкес келеді, сондай-ақ әлеуетті және бар клиенттің сұраныстарына барынша сәйкес келеді.

Қолда бар негізгі өнімдер клиенттің тұрпатына сәйкес 3 түрге топталады:

- ▶ Экспорттаушылар үшін өнімдер;
- ▶ Банктер үшін өнімдер;
- ▶ Инвесторлар үшін өнімдер.

№	ӨНІМНІҢ АТАУЫ	ӨНІМНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТЫ	ӨТЕЛЕТІН ТӘУЕКЕЛДЕР
ЭКСПОРТТАУШЫЛАР ҮШІН ӨНІМДЕР			
1	Экспорттаушының кредитін сақтандыру	Өнім экспорттаушыға өз тауарларын/жұмыстарын/қызметтерін төлем мұрсаты шарттарымен сату кезінде экспорттаушыға шетелдік контрагенттің қаржылық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғанысты ұсынады	Коммерциялық және саяси
2	Экспорттық саудалық қаржыландыру	Қаржыландыру есеп айырысулардың аккредиттелген нысаны шеңберінде екінші деңгейдегі банктер арқылы жанама түрде беріледі	Коммерциялық және саяси
3	Экспорт алды қаржыландыру	Тауарлар/қызметтер экспортын жүзеге асыратын экспорттаушыны экспорттық өнімдерді өндіруі және/немесе қызметтер көрсетуі мақсатында айналым қаражаттарын толтыруға қаржыландыру	Коммерциялық және саяси



№	ӨНІМНІҢ АТАУЫ	ӨНІМНІҢ ҚЫСҚАША СИПАТЫ	ӨТЕЛЕТІН ТӘУЕКЕЛДЕР
БАНКТЕР ҮШІН ӨНІМДЕР			
4	Құжаттық аккредитивтерді сақтандыру	Өнім экспорттаушының банкіне (растаушы банкке) импорттаушының тапсырмасы бойынша экспорттаушының пайдасына құжаттық аккредитив ашқан эмитент-банктің қаржылық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен қорғанысты береді	Коммерциялық және саяси
5	ЕДБ-де шартты депозиттерді орналастыру арқылы (СҚ) қаржыландырумен құжаттық аккредитивті сақтандыру	Өнім экспорттаушының банкі растаушы банк ретінде әрекет ететін төлемнің аккредитивтік талаптары бойынша экспорттық келісімшарттар жасасатын экспорттаушыларға ұсынылады	Коммерциялық және саяси
ИНВЕСТИОРЛАР ҮШІН ӨНІМДЕР			
6	Шетелге қазақстандық инвестицияларды сақтандыру	Өнім инвестициялау еліндегі саяси тәуекелдердің салдарынан болатын залал тәуекелінен инвесторды қорғайды	Саяси

4. ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бірінші кезектегі міндеттердің және әрбір стратегиялық бағыттың шеңберінде (№1 кестеге қараңыз) қызметінің тиімділігін бағалау мақсатында ҚазЭкспортГарант қызметінің келесі басты көрсеткіштерін пайдаланумен қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ұдайы мониторинг жүргізеді:

№1 кесте: 2015 жыл үшін қызметтің басты көрсеткіштері:

(млн теңгемен)

Көрсеткіш	2015 жыл		
	Жоспар	Нықты	Орындау
ҚАЗЭКСПОРТГАРАНТТЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ			
ROE, (%)	3,97	15,94	401 %
ROA, (%)	3,62	13,86	382 %
Қаржылық сенімділік рейтингі	«Баа2», «Тұрақты»	«Баа2», «Тұрақты»	Орындалған
Негізгі қызметтен алынған табыстар	1 309	2 203	168 %
Таза табыс	466	1 947	417 %
Борыш/капитал	0,04	0,03	75 %
Еңбек өнімділігі (қызметкерден жалпы табыс)	35	60	171 %
Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі, жалпы көрсеткіш, (%)	57	67	118 %
1-ШІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЭКСПОРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ-САҚТАНДЫРУМЕН ҚОЛДАУДЫ ДАМУ			
Қабылданған міндеттемелер көлемі	12 500	17 787	142 %
Сақтандыру шарттары бойынша сыйлықақы көлемі	325	1 087	334 %
Шикізаттық емес экспортты жабу үлесі, (%)	1,5	2,7	180 %
2-ШІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ			
Консультациялық қызметтер көрсетілген экспортқа бағытталған кәсіпорындардың үлесі, (%)	4,5	4,5	100 %
3-ШІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ			
Қайта сақтандырудың нетто-сыйлықақысын жинау бойынша көлем	777	492,8	63 %

НАРЫҚ ТАЛДАУЫ

12



5. СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕГІ ДИНАМИКАМЕН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ


2014 жылы активтердің өсімі 3 % құрады (№1 диаграммаға қараңыз). Осыншама төмен өсім «Самұрық-Қазына» ҰАҚ-на 213 млн теңге сомаға қарыз бөлігін мерзімінен бұрын қайтарумен байланысты болды.

2015 жылдың ішінде активтер 20 %-ға өсті. Активтердің өсіміне активтердің құрылымында 30 % алып жатқан шетелдік валюталардың бағамын түзету салдарынан валюталық активтерді оң қайта бағалау ықпал

етті, бұл ретте ҚазЭкспортГарантта шетелдік валютадағы міндеттемелер жоқ. Сондай-ақ «БРК-Лизинг» АҚ қатысуымен локомотивтердің экспортын сақтандыру жөніндегі мәміле көрсеткішке ықпал етті.

(млн теңгемен)

№1 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. ішіндегі міндеттемелер, капитал және активтер динамикасы:




2014 жылы міндеттемелер «Самұрық-Қазына» ҰАҚ-на 213 млн теңге сомаға қарыз бөлігін мерзімінен бұрын қайтарумен байланысты 7 %-ға ұлғайды. 2015 жылы көрсеткіштің 99,7 %-ға ұлғаюы сақтандыру шарттары бой-

ынша 1 234 млн теңге сомаға резервтерді қалыптастырумен байланысты болды, соның ішінде резервтердің негізгі үлесі 73 %, «БРК-Лизинг» АҚ-ның қатысуымен локомотивтер экспортын 904 млн теңге сомаға сақтандыру мәмілесі бойынша резервтерді қалыптасты-

румен байланысты болды. 2014 жылы капиталдың өсімі 799 млн теңге мөлшерінде алынған пайданың есебінен 3 % құрады. 2016 жылғы 1 қаңтарда 2015 жылғы капитал өсімі 1 947 млн теңге мөлшерінде алынған пайданың есебінен 12 % құрады.

(мың теңгемен)

№2 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. үшін табыстар мен шығыстар динамикасы:



2014 жылдың қорытындысы бойынша ҚазЭкспортГаранттың табыстары 1 846 млн теңгені құрап, 2013 жылмен салыстырғанда 4 %-ға ұлғайды (№2 диаграммаға қараңыз). 2015 жылғы табыстар көрсеткіші 4 992 млн теңгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 170 %-ға немесе 3 146 млн теңгеге ұлғайды, бұған:

► негізгі қызмет бойынша табыстың 1 472 млн теңгеге, яғни 202 %-ға ұлғаюы (соның ішінде «БРК-Лизинг» АҚ қатысуымен локомотивтердің экспортын сақтандыру жөніндегі есептелген сақтандыру сыйлықақылары бойынша 904 млн теңгеге табыстар);

► шетелдік валюталардың бағамын түзетумен байланысты 2 147 млн теңгеге бағам айырмасының есебінен ықпал етті.

Бұл ретте 2015 жыл үшін негізгі қызмет бойынша табыстардың құрамына кіретін қайта сақтандыру жөніндегі табыстар келесі себептер бойынша қысқартылды:

1. ҚР ҰБ-ның статистикасымен расталатын нарық үлесінің төмендеуі, бұған сәйкес резиденттер арасында қайта сақтандыру жөніндегі мәмілелер 2014 жылмен салыстырғанда 14,4 %-ға төмендеді.

2. ҚР ҰБ 131-ші Қаулысына сәйкес сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары бойынша ең жоғары меншікті ұстап қалудың (бұдан әрі – МҰ) төмендеуі, мұнда 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ең жоғары МҰ енді төлем қабілеттілігінің нақты маржасының (бұдан әрі – ТНМ) 30 % құрайды. Мәселен, 2014 жылы ең жоғары МҰ ТНМ-ның 50 % құрады. Сөйтіп, 2015 жылдан бастап ҚазЭкспортГаранттың тәуекелдерге және қайта сақтандыру сыйлықақыларына қатысу мүмкіндігі ТНМ-ның 50 %-нан 30 %-на дейін төмендеді.

Қаржылық қызметінен алынған табыстар 641 797 мың теңгені құрайды, соның ішінде:

1. БҚ бойынша сыйақы нысанындағы табыстар:

► 537 335 мың теңге сомаға бағалы қағаздар;

► 83 840 мың теңге сомаға кері РЕПО операциялары.

2. «Қазақтелеком» АҚ акциялары бойынша 773 мың теңге сомаға дивидендтер;

3. Салымдар бойынша 95 355 мың теңге сомаға сыйақы;

4. Ағымдағы шоттар бойынша 12 363 мың теңге сомаға қалдықтар сыйақысы.

Қаржы құралдары бойынша табыстар бабына БҚ бойынша сыйлықақы/дисконт — амортизациясының сомалары кіреді: – 59 003 мың теңге.

ҚазЭкспортГаранттың 2013 жыл қорытындысы бойынша шығыстары (№2 диаграммаға қараңыз) 971 млн теңгені құрады, мұндағы негізгі сома 463 млн теңге, яғни 48 % – бұл қаржылық қызмет бойынша шығыстар, бұған «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ заемына қызмет көрсету сомасы және БҚ өткізу жөніндегі шығыстар кіреді. Әкімшілік шығыстар 353 млн теңгені құрады және шығыстар құрылымында үлестің 36 % құрады. Негізгі қызметтен болған шығыстар 73 млн теңгені, яғни шығыстар құрылымының 8 % құрады. 2014 жылы шығыстар 2013 жылмен салыстырғанда 245 млн теңгеге, яғни 25 %-ға ұлғайды, мұнда негізгі қызмет бойынша көрсеткіштердің өсіміне байланысты қабылданған міндеттемелер бойынша резервтерді қалыптастыру қажеттілігі туындады, мұның өзі негізгі қызмет бойынша шығыстардың 451 млн теңгеге, 7 еседен артық өсуіне алып келді. Әкімшілік шығыстары 68 млн теңгеге, яғни орта мерзімді кезеңге бекітілген Даму жоспарының шеңберінде 19 %-ға ұлғайды. Қаржылық құралдар жөніндегі шығыстар 279 млн теңгеге, яғни «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ

қарызының бөлігін мерзімінен бұрын қайтарумен байланысты 60 %-ға азайды. 2015 жылғы шығыстар 3 045 млн теңгені құрады, бұл 2014 жылдың көрсеткішінен 1 829 млн теңгеге, яғни 150 %-ға көп. Көрсеткіштің ұлғаюы негізгі қызметтен алынған табыстар бойынша резервтерді қалыптастыру қажеттілігімен байланысты, мұнда негізгі сома «БРК-Лизинг» АҚ қатысуымен локомотивтер экспортының мәмілесі бойынша 904 млн теңге сомаға резервтерді қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар шығыстарда қоржынды ІНҚ-ға сәйкес келтіру үшін «Бәйтерек» ҰБХ АҚ ұсынысы бойынша өткізілген «Қазақтелеком» АҚ акцияларын 164 млн теңгеге өткізу бойынша залалдың сомасы көрсетілген.

2015 жыл үшін табыстылық (№3 диаграммаға қараңыз), ROA, ROE көрсеткіштері пайда бойынша жоспардың төрт еседен астам асыра орындалуына байланысты артығымен орындалды, олардың ішінде:

► **1 947**
млн теңгеге

Қызметтің 3 жылдық кезеңі үшін қаржылық нәтиже мынадай болды:


► 2013 жыл: 799 млн. теңге;

► 2014 жыл: 631 млн. теңге;

► 2015 жыл: 1 947 млн. теңге, бұл 2014 жылдың көрсеткішінен 1 317 млн. теңгеге көп

(%-бен)

№3 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. үшін қаржылық ПҚК динамикасы:



- ▶ ROA 13,86 % құрады, ал жоспарлық мәні 3,62 % құрайды;
- ▶ ROE 15,94 % құрады, ал жоспарлық мәні 3,97 % құрайды;
- ▶ Қызметтің табыстылығы 74,72 % құрайды, жоспарлық мәні 35,45 % болған.



6. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕС

САҚТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін сақтандыру қызметін жүзеге асыруға уәкілетті орган берген лицензиясы бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру нарығының құрылымы 33 компаниялар құрайды және келесі кестеде келтірілген.

№2 таблица: 2013-2015 жж. үшін ҚР сақтандыру нарығының құрылымы:

Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының саны

*Соның ішінде өмірді сақтандыру
жөніндегі*

Сақтандыру брокерлерінің саны

Актуарийлер саны

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік
беру қоры» АҚ қатысушылары бо-
лып табылатын сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымдарының саны

01.01.2014 жыл

01.01.2015 жыл

01.01.2016 жыл

34

34

33

7

7

7

14

15

15

72

71

61

30

30

30


Бұл ретте, көптеген сақтандыру компанияларының «Жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандырудың барлық кластары бойынша лицензияларының болуына қарамастан, олар экспорттық кредиттерді және шетелге инвестицияларды төлеу тәуекелінен сақтандыруды жүзеге асырмайды. Бұл функцияларды Қазақстан нарығында тек ҚазЭкспортГарант жүзеге асырады. ҚазЭкспортГаранттың негізгі қызметі экспорттық-кредиттік

қолдау құралдарының көмегімен елдің шикізаттық емес экспортын қолдауға бағытталуына қарамастан, қызметке ықпал ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер экономиканың шикізаттық емес (өңдеуші) секторының экспорты болып табылады. Қазақстандық экспорттың құрылымы Қазақстан көбінесе шикізаттық тауарды экспорттайтынын куәландырады. Шикізат экспортының ұлғаю/қысқару фактісі, ең алдымен,

қарастырылатын кезеңде энергия ресурстарына бағаның өсуімен/құлауымен байланысты болды, өйткені мұнай жеткізу қазақстандық экспорттың көпшілік бөлігін құрайды. Бүкіл экспорттың құрылымында шикізаттық емес экспорттың үлесі (№ 4 диаграммаға қараңыз) 2015 жылы 30,6 % құрады (2014 жылы – 23,3 %), тиісінше шикізаттық көлем 69,4 % құрады (2014 жылы – 76,7 %). 2014 жылмен салыстырғанда шикізаттық емес экспорттың көлемі

(млрд АҚШ доллары)

№4 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. үшін сыртқы экономикалық айналымның және шикізаттық емес экспорт көлемдерінің динамикасы



2015 жылы 7,3 %-ға өсті, дегенмен экспорттың жалпы көлемі құндық көрінісінде 42,2 %-ға төмендеді. №4 диаграммдан көрініп тұрғанындай, 2013 жылдан бастап ҚазЭкспортГаранттың қызметіне ықпал ететін экспорт көлемінің

жалпы төмендеуі байқалады. Алайда, қарастырылатын кезең ішінде ҚазЭкспортГарант өзінің негізгі қызметін кезең сайын жандандыру есебінен сақтандырумен өтеу көлемдерін ұлғайтты. Мәселен, шикізаттық емес экспортты қамту үлесі, ол шикізаттық

емес экспорттың жалпы көлеміндегі экспорттық операцияларды (экспорттық келісімшарттарды) қаржылық-сақтандыру қызметтерімен қамту 2,7 % құрауымен сипатталады, жоспарлы көрсеткіш 1,5 % болды, мұнда орындаушының көрсеткіші 180 % құрады.

ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

2013-2015 жылдар кезеңінде ҚазЭкспортГарант үшін қайта сақтандыру нарығының есептік сыйымдылығы (үлесі) резиденттерге қайта сақтандыруға берілетін қайта сақтандыру сыйлықақысының сомасына орай бағаланады (№3 кестеге қараңыз).

Бұл ретте ҚазЭкспортГарант «автомобиль көлігін сақтандыру», «аннуитеттік сақтандыру», «медициналық сақтандыру» және секілді залалдылығы жоғары сақтандыру кластары және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың кейбір түрлері бойынша қайта сақтандыруға тәуекелдерді қабылдамайды.

№3 кесте: 2013-2015 жж. үшін қайта сақтандыру нарығының есептік сыйымдылығы (үлесі):

(млн теңгемен)

Көрсеткіштер	Кезең		
	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі	253 072	266 121	288 272
Қайта сақтандыруға берілгені, барлығы	75 086	79 900	89 883
(%-бен)	29,7 %	30,02 %	31,18 %
Оның ішінде резиденттерге қайта сақтандыруға берілді	14 233	17 071	14 614
(%-бен)	5,6 %	6,41 %	5,07 %
ҚазЭкспортГаранттың қайта сақтандыру сыйлықақылары бойынша нетто жиыны	505	538	492
ҚазЭкспортГаранттың берілген резиденттердің нарықтардың сыйлықақысынан %-бен үлесі	3,55 %	3,15 %	3,37 %


7. ӨНІМДІ ӨТКІЗУ / ҚЫЗМЕТ СЕКТОРЛАРЫ

САҚТАНДЫРУ

2015 жылдың ішінде 32 отандық экспорттаушыларға қолдау көрсетілді және сақтандыру міндеттемелерінің жалпы 17,8 млрд теңге сомасына 107 сақтандыру шарттарына қол қойылды (2014 жылы 29 қолдау көрсетілді және 67 сақтандыру шарттарына қол қойылды) (№ 5 диаграммаға қараңыз), мұнда жоспарды орындау 142 %-ды құрады.

(дана)

№5 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. ішінде түскен өтініштердің, жасалған сақтандыру шарттарының және экспорттаушылардың саны бойынша динамикасы:




ҚазЭкспортГаранттың түскен өтініштер бойынша бас тартуының себептері келесі факторлар болды:

- ▶ контрагентті сәйкестендірудің мүмкін еместігі;
- ▶ аржы есептілігінің болмауы, сараланбаған тәуекел;
- ▶ аржы есептілігінің қанағаттанарлық емес көрсеткіштері;
- ▶ контрагенттің жаңадан құрылуы;
- ▶ тіркелген сот арыздары және т.б.


2015 жылы Ресей Федерациясының шекаралас аудандарына экспортқа қолдау көрсету елеулі кеңейтілді (№ 6 диаграммаға қараңыз) Мәселен, 2014 жылы тұтастай Ресей бойынша 12 өңірде қолдау көрсетілді, ал 2015 жылы 23 өңірде экспортқа қолдау көрсетілді.

(млн теңгемен)

№6 ДИАГРАММА: 2015 жыл ішіндегі сақтандыру міндеттемелері елдер бойынша:

Есепті кезеңнің ішінде жалпы 1 086,9 млн теңге сомаға сақтандыру сыйлықақылары есептелді (№ 7 диаграммаға қараңыз), оның ішінде 903,9 млн теңге - локомотивтер экспорты жөніндегі «БРК-Лизинг» АҚ сақтандыру сыйлықақысы. Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы алымы жоспарлы көрсеткіштен 234 %-ға асып түсті.

(млн теңгемен)

№7 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. үшін есептелген сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы:

2015 жылдың ішінде экспорттық операциялар ҚР-ның келесі шикізаттық емес секторларында қолдау көрсетілді:

- ▶ машина жасау («Кентау трансформатор зауыты» АҚ, «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «Кайнар-АКБ» ЖШС);
- ▶ фармацевтикалық өнеркәсіп («Dolce-Pharm» ЖШС);
- ▶ химия саласы («ҚазФосфат» ЖШС, «Р.Е.Т.» ЖШС);
- ▶ құрылыс материалдары («Alina Trade» ЖШС, «Knauf Gips» АҚ, «IT&M» ЖШС);
- ▶ ағаш өңдеу өнеркәсібі («№1 Семей ағаш өңдеу зауыты» ЖШС);
- ▶ тамақ өнеркәсібі («Баян Сұлу» АҚ, «Raimbek Bottlers» ЖШС, «Tay Agro Сауда» ЖШС, «Agro life Harvest» ЖШС, «Рахат» АҚ, «Концерн Цесна-Астық» АҚ, «Caspian Beverage Holding» АҚ, «Байрам Астық» ЖШС, «RG Brands Kazakhstan» ЖШС);
- ▶ ауыр өнеркәсіп (Arcelor Mittal Temirtau, «Евраз Каспиан Сталь» ЖШС, «KazFerro» ЖШС).

2015 жылы ҚазЭкспортГарант Қазақстан тарихында алғаш рет Әзірбайжанға «Локомотив Құрастыру Зауыты» АҚ отандық локомотивтерді 10 дана санда жеткізу жөніндегі лизингтік қаржыландыру схемасы бойынша халықаралық деңгейдегі жалпы 8,9 млрд теңге сомаға экспорттық мәміле жасағанын атап өту керек. Бұл мәміледе «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «БРК-Лизинг» АҚ және «ҚазЭкспортГарант») өз мамандануының шеңберінде отандық экспорттаушыға мәміленің қолданылуының бүкіл мерзіміне құрылымдаудан, қаржыландырудан және сақтандыру қорғанысынан бастап қызметтердің толық спектрін берді.

Бұған қоса тәуекелдердің 70 %-ын ҚазЭкспортГарант Ислам даму банкі тобының мүшесі Ислам инвестицияларды және экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі корпорациясы (ICIEC) факультативтік қайта сақтандыру шартына сәйкес қайта сақтандырды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ

ҚазЭкспортГарант Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – ҮИИДМБ) 4.1.2-параграфына сәйкес «...экспорттық саудалық операцияларды, сондай-ақ экономиканың шикізаттық емес секторының шағын және орта кәсіпкерлігінің бірқатар ілесіміне қызметтерін саудалық қаржыландыру және сақтандыру жөніндегі ...» операцияларды қолдау жөніндегі қаржылық оператор болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҮИИДМБ іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес 2010 жылғы желтоқсанда ҚазЭкспортГарант саудалық қаржыландыру операцияларына қолдау көрсету үшін жарғылық капиталын ұлғайтуға республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге қаражат алды. Бөлінген қаражаттарды пайдалану механизмінің түпкілікті мақсаты шикізаттық емес сектордың қазақстандық өнімдерін шетелдік сатып алушылардың аккредитивтеріне төлем мұрсатын және салыстырмалы қымбат емес қорландыруды беру болып табылады.

Бұл бағдарлама бойынша қаржыландыру есеп айырысулардың ак-

кредиттелген нысаны шеңберінде Қазақстанның екінші деңгейдегі банктері арқылы жанама түрде беріледі.


ҮИИДМБ шеңберінде 2015 жыл үшін (№8 диаграммаға қараңыз) берілген экспорттық саудалық қаржыландырудың көлемі 6,4 млрд. теңгені құрады.

▶ **6,4** млрд
теңге

Бөлігі ретінде
ГПФИИР
2015 жылы
(қараңыз.
диаграмма №8)
көлемі қамтамасыз
экспорт сауда
қаржыландыру
6,4 млрд теңге

(млн теңгемен)

№8 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. Үшін шартты салымдарды және берілген саудалық қаржыландыруды орналастыру динамикасы:



Тұтас алғанда іске асырудың 2011-2015 жылдар кезеңіндегі берілген экспорттық сауда қаржыландырудың көлемі ИИДМБ шеңберінде бөлінген бюджеттік қаражаттарды револьверлік пайдалану есебінен 13,5 млрд теңгеден асты.

ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

2015 жылдың ішінде есептелген сыйлықақылардың 575 млн теңге жалпы сомасына кіріс қайта сақтандыру бойынша 675 шарт және есептелген сыйлықақылардың 121 млн теңге жалпы сомасына шығыс қайта сақтандыру бойынша 33 шарт жасалды (№9 диаграммаға қараңыз).

№4 кесте: 2013-2015 жж. үшін қайта сақтандыру қызметі жөніндегі мәліметтер:

(млн теңгемен)


Көрсеткіштер

Кезең

	2013 год	2014 год	2015 год
Брутто кіріс қайта сақтандыру сыйлықақысы	565	631	575
Жүзеге асырылған төлемдер	45	126	170
Төлемдер деңгейі, (%-бен)	8,08 %	20,09 %	29,62 %

(млн теңгемен)

№9 ДИАГРАММА: 2013-2015 жж. үшін жиналған сыйлықақылардың және қайта сақтандыру төлемдерінің динамикасы



Ойластырылған Қайта сақтандыру, қайта сақтандыру тәуекелдерінің сапалы андеррайтингі жөніндегі саясаттың арқасында үш жыл ішіндегі төлемдердің орташа деңгейі 19,26 % құрайды. Қайта

сақтандыру қоржыны бойынша төлемдер деңгейі өсімінің басты себебі «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде оны жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру» (ЖЖМС)

класы бойынша ескі шарттар бойынша төлемдердің өсімі болып табылады. Жоғары кәсіби тәуекел класындағы ЖЖМС тәуекелдерін қабылдауды қысқырту жөніндегі шаралар қабылданды.



**КОРПОРАТИВТІК
АҚПАРАТ**

24



8. ЕЛЕУЛІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

2015 жыл үшін елеулі корпоративтік оқиғалар:

1. Берн одағының (Berne Union) атқарушы органының Амстердам қаласындағы кеңесуінің қорытындысы бойынша ҚазЭкспортГарантқа сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығындағы Байқаушы мәртебесін тағайындау туралы шешім қабылданды.

2. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 10 шілдедегі №22/15 шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚазЭкспортГарант акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Төрайымы Пазылхаирова Гүлбану Тажибаевнаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды. Тап осы шешіммен Директорлар кеңесінің мүшесі болып Мадиев Сержан Нураханович сайланды.

3. «Moody's Investors Service» халықаралық рейтинг агенттігі ҚазЭкспортГаранттың қаржылық сенімділігінің ағымдағы рейтингін

«Ваа2» деңгейінді «Тұрақты» болжамымен растады.

4. Берн одағының/Прага клубының Шанхай қаласындағы жыл сайынғы кездесуінің шеңберінде ҚазЭкспортГарант және «Sase» Италия мемлекеттік экспорттық-кредиттік агенттігі одан арғы ынтымақтастықты ынталандыру, техникалық көмек көрсету, екі агенттіктің арасындағы сараптамалар мен кеңесулер жүргізу мақсатында келісімге қолдарын қойды.

5. Қазақстан тарихында алғаш рет ҚазЭкспортГаранттың қатысуымен Әзірбайжанға 10 отандық локомотивтерді жеткізу жөніндегі лизингтік қаржыландыру схемасы бойынша халықаралық деңгейдегі алғашқы экспорттық мәміле жасалды, мұнда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «БРК-Лизинг» АҚ және ҚазЭкспортГарант) отандық экспортта-

ушыға мәміленің қолданылуының бүкіл мерзіміне құрылымдаудан, қаржыландырудан және сақтандыру қорғанысынан бастап қызметтердің толық спектрін берді. Бұған қоса бұл мәміле жөніндегі тәуекелдерді ҚазЭкспортГарант Ислам даму банкі тобының мүшесі Ислам инвестицияларды және экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі корпорациясында (ICIEC) қайта сақтандырылды.

6. «Sinasure» Қытай мемлекеттік экспорттық-кредиттік агенттігі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

7. EGFI Иран мемлекеттік экспорттық-кредиттік агенттігімен экспортты және инвестицияларды дамыту үшін мүмкіндіктерді анықтау және пайдалану жолымен екі елдің арасындағы сыртқы сауда айналымын көтеру мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



9. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өз қызметінде ҚазЭкспортГарант Қазақстан Республикасында тіркелген компания ретінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңын, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Заңын, «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуы жөніндегі талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 01.02.2010 жылғы №4 Қаулысын, ҚазЭкспортГаранттың Жарғысын, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады. Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) ережелер

мен ұсыныстар жиыны болып табылады, оны ҚазЭкспортГарант корпорация ішіндегі және нарықтың басқа қатысушыларымен қатынастарда корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметінің барысында ұстанады. Кодексте жазылған корпоративтік басқару қағидаттары ҚазЭкспортГарантты басқарумен байланысты туындайтын қатынастарда сенімді қалыптастыруға бағытталған, және Кодексте жазылған барлық ережелер мен ұсыныстар үшін негіз болып табылады.

Негіз қалаушы принциптер:

- 1) жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі;
- 2) ҚазЭкспортГарантты Директорлар кеңесінің және Басқарманың тиімді басқару принципі;
- 3) ҚазЭкспортГаранттың дербес қызмет принципі;

- 4) ҚазЭкспортГаранттың қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылық және объективтілік принципі;
- 5) заңдылық және әдеп принциптері;
- 6) тиімді дивиденд саясатының принциптері;
- 7) тиімді кадр саясатының принциптері;
- 8) қоршаған ортаны қорғау принципі;
- 9) корпоративтік жанжалдарды және мүдделер қақтығысын әділ реттеу принципі;
- 10) жауапкершілік принципі болып табылады.

Корпоративтік басқару кодексі мақсаттары корпоративтік басқаруды жетілдіру және жүйелендіру, басқарудың үлкен айқындылығын қамтамасыз ету және ҚазЭкспортГаранттың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға өзгеріссіз дайындығын растау болып табылады.



3. Корпоративтік басқару кодексі және Іскерлік деп кодексін ҚазЭкспортГарантты ресми сайтынан алуға болады: www.keg.kz



ҚазЭкспортГарант корпоративтік басқаруды өз қызметінің тиімділігін көтерудің, оның беделін нығайтудың және оның капитал тартуға шығындарын төмендету құралы ретінде қарастырады. ҚазЭкспортГарант тиісті корпоративтік басқару жүйесін қазіргі заманғы экономикадағы оның орнын анықтайтын фактор ретінде қарастырады. Корпоративтік басқарудың негізінде заң үстемдігі принципі жатыр.

ҚазЭкспортГарантта сонымен қатар компанияның құндылығын, сондай-ақ оның жұмысының және сыртқы коммуникацияларының негіздерін айқындайтын Іскерлік әдеп кодексі бар. Бұл кодекс іскерлік тәртіптің және корпоративтік басқарудың әлемдік мойындалған стандарттарын ескере отырып әзірленген. Бұл құжат, атап айтқанда, ҚазЭкспортГарант қызметкерлерінің арасындағы қатынастар, іскерлік серіктестермен, акционерлермен, мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен қатынастар, қоршаған ортаны қорғау, мүдделер қақтығысын ескерту секілді мәселелерді қамтиды. Іскерлік әдеп кодексінің қағидаларын іске асыру, оның сақталмауын анықтау және қажетті шаралар қабылдау, сондай-ақ оның қағидаларын қызметкерлердің білуін тексеру мақсатында ҚазЭкспортГарант 2015

жылдың басында Басқарма Төрағасының басқаруымен комиссиялық түрде қызметкерлердің Іскерлік әдіп кодексін білуін тексерді. Нәтижесінде қызметкерлердің Іскерлік әдеп кодексін білуіне оң баға берілді. ҚазЭкспортГарант Директорлар кеңесіне тәуекел менеджменті бойынша есепті тоқсан сайынғы негізде береді, олар: есепті күнге және есепті жылдың басына компанияның Жиынтық балансы (компанияның активтері, міндеттемелері, меншікті капиталы); өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайдалары мен залалдары туралы есебін және қызметтің жоспарланған көрсеткіштері; Қаржы құралдарын түрлері бойынша топтастырумен және баланстық құнын, нарықтық құнын, табыстылығын көрсетумен инвестициялық қоржынның жағдайы туралы есебі. Нарықтық тәуекелге неғұрлым бейім активтер бағасы қозғалысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға ықпалына қысқаша талдауды; Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайыздық тәуекелге бейімділігіне қысқаша талдауды; Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталға ағымдағы және болжанын сұраныстарына қысқаша талдауды; Техникалық (сақтан-

дыру) тәуекелдері бойынша есепті; Апаттық тәуекелдер бойынша есепті қамтиды.

ҚазЭкспортГарант Жарғысы – ҚазЭкспортГаранттың басқару органдарының өкілеттіктері белгіленетін негізгі ішкі құжат болып табылады. ҚазЭкспортГаранттың Жарғысымен Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Басқарманың айрықша құзыреттері, жоғарыда аталған органдардың мәселелерді қарастыру тәртібі белгіленген.

Акционердің ағымдағы мәселелері бойынша ақпаратты ҚазЭкспортГарант Жалғыз акционері белгілеген мерзімде береді.

► 2015

ҚазЭкспортГарант 2015 жылдың басында Басқарма Төрағасының басқаруымен комиссиялық түрде қызметкерлердің Іскерлік әдіп кодексін білуін тексерді

10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – ДК) функциялары, құзыреті, қалыптастыру тәртібі, құрамы, ДК мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі, ҚазЭкспортГаранттың өзге органдарымен өзара әрекеттестігі, ДК қызмет тәртібі, ДК отырыстарын шақыру және өткізу, оның шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібі ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесінің шешімімен (2015 жылғы 5 мамырдағы № 90 хаттама) бекітілген ҚазЭкспортГаранттың ДК туралы Ережемен бекітілген ((бұл Ереже Директорлар кеңесінің шешімімен (2015 жылғы 5 мамырдағы № 90 хаттама) бекітілген ҚазЭкспортГаранттың Ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ережеге №5 Қосымша болып табылады).

ДК ҚазЭкспортГарант қызметінің басым бағыттарын анықтайды, ҚазЭкспортГаранттың даму стратегиясын мақұлдайды, ҚазЭкспортГаранттың қызметіне жалпы басшылықты және өз құзыретінің шектерінде Басқарманың қызметін бақылауды жүзеге асырады, ҚазЭкспортГаранттың ағымдағы қызметінің міндеттерін шешуді Басқармаға жүктейді, Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруды және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

ДК қызметі ҚазЭкспортГарант пен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру принциптеріне, қисындылыққа, тиімділікке, белсенділікке, адалдыққа, кәсіпқойлыққа, объективтілікке және қабылданатын шешімдер үшін жауаптылыққа негізделіп құрылады.

ДК қызметі толықтай Жалғыз акционерге есепті. Жалғыз акционер

өз құзыретінің шеңберінде қабылдаған шешімдер ДК үшін міндетті болып табылады.

Өз қызметінде ДК Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, ҚазЭкспортГаранттың ДК туралы Ережесін, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының және тәуелді акционерлік қоғамдарының директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды қарастыру регламентін және Жалғыз акционер бекітетін өзге ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

ДК мүшелерінің – тәуелсіз директорлардың ҚазЭкспортГарантпен қарым-қатынастары азаматтық-құқықтық шарттармен реттеледі, олардың талаптары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылғы 4 сәуірдегі № 09/14 хаттама) бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларын іріктеу, сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу Қағидаларымен анықталған.

ДК құрамы Жалғыз акционердің өкілдерінен, ҚазЭкспортГаранттың Басқарма Төрағасының, тәуелсіз директорларынан және өзге тұлғалардан қалыптастырылады. ҚазЭкспортГаранттың Корпоративтік басқару кодексімен ДК мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемдері бекітілген. ҚазЭкспортГарант ДК мүшелерінің жоғары экономикалық, қаржылық білімі бар, қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ басқарушы жұмыс тәжірибесі бар, қаржы есептілігін түсінетін салалық тәжірибесі бар және ҚазЭкспортГарант қызметінің бизнесіне белсенді тартылған және ДК сапалы

шешімдерінің қамтамасыз етілуіне елеулі үлес енгізеді. ДК құрамы ҚазЭкспортГаранттың тиімді және нәтижелі қызметіне септігін тигізеді және ДК құзыретіне жатқызылатын мәселелерді жан-жақты және білікті қарастыру үшін мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

ҚазЭкспортГаранттың ДК сандық құрамы қабылданатын шешімдердің алқалылығының жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, ҚазЭкспортГаранттың Жарғысымен бекітілген талаптарға сәйкес келеді.

ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешімімен ДК-нің 5 (бес) мүшесінен ДК құрамы белгіленген және сайланған, оның ішінде ДК-нің 2 (екі) мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады. ДК өкілеттіктер мерзімі ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

2015 жылдың ішінде (бұдан әрі – Есепті кезең) ҚазЭкспортГаранттың ДК-нің құрамына мына тұлғалар кірді:

ТАӘ	ДК-гі лауазымы	Кезең (күні, айы, жылы)	Негізгі жұмыс орнындағы лауазымы	ҚазЭкспортГарант органының ДК Төрағасын/ мүшесін сайлау/ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі
Пазылхаирова Гульбану Тажибаевна	Директорлар кеңесінің Төрағасы	05.11.2013- 10.07.2015 жылдар	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры	ДК мүшесі – ДК Төрайымы болып 05.11.2013 жылы ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес сайланды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 05.11.2013 жылғы № 12/13 хаттамасы).
Түлеушин Каныш Аманбаевич	Директорлар кеңесінің мүшесі	24.07.2013- 31.12.2015 жылдар	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры	ДК мүшесі болып 24.07.2013 жылы ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес сайланды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 24.07.2013 жылғы № 01/13 хаттамасы).
Садықов Еркин Токмұхамедович	Директорлар кеңесінің мүшесі	28.02.2013- 31.12.2015 жылдар	ҚазЭкспортГарант Басқарма Төрағасы	ДК мүшесі болып 28.02.2013 жылы ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес сайланды (ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің 28.02.2013 жылғы №53 бұйрығы).
Бейсембаева Назира Джамбуловна	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	06.12.2013- 31.12.2015 жылдар		ДК мүшесі – тәуелсіз директор болып 06.12.2013 жылы ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес сайланды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 06.12.2013 жылғы № 17/13 хаттамасы).

ТАӘ**ДК-гі
лауазымы****Кезең
(күні, айы,
жылы)****Негізгі жұмыс
орнындағы
лауазымы****ҚазЭкспортГарант
органының ДК Төрағасын/
мүшесін сайлау/
өкілеттіктерін мерзімінен
бұрын тоқтату туралы
шешімі**

Мадиев
Сержан
Нураханович

Дирек-
торлар
кеңесінің
мүшесі / ДК
Төрағасы

10.07.2015-
28.09.2015
жылдар

«Бәйтерек» ҰБХ»
АҚ Басқарушы
директоры

ДК мүшесі болып 10.07.2015 жылы ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес сайланды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 10.07.2015 жылғы № 22/15 хаттамасы).

ДК Төрағасы болып 29.07.2015 жылы ҚазЭкспортГарант ДК шешіміне сәйкес сайланды (29.07.2015 жылғы №92 хаттама).

ДК мүшесі өкілеттіктері 28.09.2015 жылдан бастап ҚазЭкспортГарант Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 28.09.2015 жылғы № 28/15 хаттама).

Хакимжанов
Сабит
Темирханович

Дирек-
торлар
кеңесінің
мүшесі -
тәуелсіз
директор

25.12.2013-
23.12.2015
жылдар

ДК мүшесі болып 25.12.2013 жылы ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес сайланды («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 25.12.2013 жылғы № 19/13 хаттамасы).

ДК мүшесі – тәуелсіз директор өкілеттіктері 23.12.2013 жылдан бастап «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 55-бабына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылды (21.12.2015 жылғы хабарлама) (ДК 30.12.2015 жылғы № 99 хаттама).

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚазЭкспортГарант ДК-нің құрамына келесі ДК мүшелері кірді:

№	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Директорлар кеңесінің мүшесі Түлеушин Каныш Аманбаевич	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры
2	Директорлар кеңесінің мүшесі Садыков Еркін Токмұхамедович	ҚазЭкспортГаранттың Басқарма Төрағасы
3	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Бейсембаева Назира Джамбуловна	

Есепті кезеңнің ішінде ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесі қатысу тәртібімен 12 отырыс өткізді, 123 мәселе қарастырылды.

Сондай-ақ есепті кезеңнің ішінде ҚазЭкспортГаранттың ДК-нің мүшелері ҚазЭкспортГаранттың отырыстарына тиісті түрде қатысты және оның жұмысына белсенді түрде араласты. Атап айтқанда, ҚазЭкспортГаранттың ДК мүшелері оның отырысына былайша қатысты:

№	Т.А.Ә.	Қатысу тәртібімен отырыстары	Сырттай отырыстары
1	Пазылхаирова Гульбану Тажибаевна	4*/4**	0*/0**
2	Түлеушин Каныш Аманбаевич	12*/12**	0*/0**
3	Садыков Еркін Токмұхамедович	12*/12**	0*/0**
4	Бейсембаева Назира Джамбуловна	12*/12**	0*/0**
5	Хакимжанов Сабит Темирханович	10*/11**	0*/0**
6	Мадиев Сержан Нураханович	3*/4**	0*/0**

* — Директорлар кеңесінің мүшелері қатысқан отырыстардың жалпы саны;

** — Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуы мүмкін болған отырыстардың жалпы саны

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқарудың лайықты практикасы мақсаттарында есепті кезеңде ҚазЭкспортГарант ДК-нің келесі комитеттері әрекет етті:

1. Аудит жөніндегі комитет;
 2. Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;
 3. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет.
- Аудит жөніндегі комитеттің және Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің болуы

ҚР Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 01 ақпандағы № 4 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуы жөніндегі талаптар туралы нұсқаулықтың талаптарының болуымен байланысты.

ДК комитеттері консультативтік-кеңестік органдар болып табылады және ДК құзырет аясына кіретін не ДК ҚазЭкспортГарант Басқармасының қызметін бақылау тәртібімен зерделейтін мәселелерді пысықтауды тереңдету және ҚазЭкспортГаранттың ДК мен

Басқармасына қажетті ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылды. Директорлар кеңесінің комитеттері әзірлеген барлық ұсыныстар ДК-нің қарауына берілетін ұсыныстар болып табылады.

ДК-нің комитеттері ҚазЭкспортГаранттың ДК-не есеп береді және олар ҚазЭкспортГаранттың ДК-не берілген өкілеттіктердің шеңберінде және ҚазЭкспортГаранттың ДК комитеттері туралы Ережелерге сәйкес әрекет етеді.

ДК комитеттері ДК-нің мүшелерінен тұрады. ДК мүшелері - тәуелсіз директорлар ДК комитеттерінің төрағалары болып табылады.

№ ДК комитетінің атауы

Комитеттің негізгі функциялары

1 Аудит жөніндегі комитет

Бұл Комитет ҚазЭкспортГаранттың ДК-нің ҚазЭкспортГаранттың қаржы-шаруашылық қызметін уақтылы және тиімді бақылауды жүзеге асыруға нақты қатысуын және ҚазЭкспортГаранттың ДК мен Басқармасына қажетті ұсыныстарды әзірлеуді қамтамасыз етеді

2 Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Бұл Комитет ынталандыруға, кадрлық және әлеуметтік саясатқа қатысты ДК-нің жан-жақты негізделген ұсыныстары арқылы ҚазЭкспортГаранттың дамуын басқару тиімділігін көтеру, сондай-ақ ҚазЭкспортГарант қабылдаған мұндай шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асыру мақсатында құрылды

3 Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Бұл Комитет ұзақ мерзімді келешекте ҚазЭкспортГаранттың қызметі тиімділігін көтеруге қолғабыс көрсету, орта мерзімді (3—5 жыл) және ұзақ мерзімді (5 жылдан астам) келешекте оны дамытуға бағытталған ҚазЭкспортГаранттың қызметінің стратегиялық мақсаттарын анықтауға қатысты мәселелер бойынша ҚазЭкспортГаранттың ДК-не ұсыныстар әзірлеу және ұсыну; ҚазЭкспортГаранттың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің ДК қызметін стратегиялық жоспарлау саласындағы қызметін үйлестіру мақсатында құрылған

ҚазЭкспортГарант ДК-нің шешімімен (2014 жылғы 29 желтоқсандағы №87 хаттама) ДК комитеттерінің келесі құрамы құрылды:

1. ДК-нің Аудит жөніндегі комитеті:

№	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы және мүшелері	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Хахимжанов Сабит Темирханович	ДК мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Пазылхаирова Гульбану Тажибаевна	ДК Төрайымы, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Бейсембаева Назира Джамбуловна	ДК мүшесі - тәуелсіз директор

2. ДК-нің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті:

№	Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы және мүшелері	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Комитет Төрайымы	Бейсембаева Назира Джамбуловна	ДК мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Пазылхаирова Гульбану Тажибаевна	ДК Төрайымы, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Түлеушин Каныш Аманбаевич	ДК мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
4	Комитет мүшесі	Хахимжанов Сабит Темирханович	ДК мүшесі - тәуелсіз директор

3. ДК-нің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті:

№	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы және мүшелері	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Хахимжанов Сабит Темирханович	ДК мүшесі - тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Пазылхаирова Гульбану Тажибаевна	ДК Төрайымы, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Тулеушин Каныш Аманбаевич	ДК мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
4	Комитет мүшесі	Бейсембаева Назира Джамбуловна	ДК мүшесі - тәуелсіз директор

ДК комитеттерінің хатшысы ҚазЭкспортГаранттың Корпоративтік хатшысы Н.Г.Кабесов болып табылады.

Есепті кезеңнің ішінде ҚазЭкспортГаранттың ДК комитеттерінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

ҚазЭкспортГарант ДК-нің мүшесі Гульбану Тажибаевна Пазылхаированың өкілеттіктері ҚазЭкспортГаранттың Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес («Бәйтерек» ҰБХ) АҚ Басқармасының 2015 жылғы 10 шілдедегі № 22/15 хаттамасы) мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты ДК-нің шешімімен (2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 95 хаттама) Г.Т. Пазылхаированың ҚазЭкспортГарант ДК-нің келесі

комитеттерінің мүшесі ретіндегі өкілеттіктері тоқтатылды:

1. Аудит жөніндегі комитет;
2. Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;
3. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет.

ДК-нің шешіміне сәйкес (2015 жылғы 5 мамырдағы №90 хаттама) ДК комитеттерінің қызметін реттейтін келесі ішкі нормативтік құжаттар бекітілді:

1. ҚазЭкспортГарант ДК-нің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже;
2. ҚазЭкспортГарант ДК-нің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті туралы ереже;
3. ҚазЭкспортГарант ДК-нің

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті туралы ереже.

Аталған ережелер ҚазЭкспортГарант ДК-нің шешімімен (2015 жылғы 5 мамырдағы №90 хаттама) бекітілген ҚазЭкспортГаранттың ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ережеге №6, 7, 9 Қосымшалар болып табылады. ҚазЭкспортГарант ДК комитеттері туралы ережелер ДК комитеттерінің мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын және құзыретін, оларды қалыптастыру мен жұмыс тәртібін, комитеттер мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, ҚазЭкспортГаранттың ДК-мен және Басқармасымен, сондай-ақ ҚазЭкспортГаранттың бөлімшелерімен қарым-қатынастарын анықтайды.

11. БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Басқарма ҚазЭкспортГаранттың алқалық атқарушы органы болып табылады және өз қызметінде ҚР заңнамасын, ҚазЭкспортГаранттың Жарғысын және ҚазЭкспортГарант ДК-нің шешімімен бекітілген Басқарма туралы ережені басшылыққа алады.

Басқарманы ДК құрады, ол Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілейді, оның басшысы мен мүшелерін сайлайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады. Сақтандыру қызметі туралы заңнамаға сәйкес Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс.

Басқарманың отырыстарын Басқарма Төрағасы қажеттілігіне қарай, Басқарма мүшесі немесе ҚазЭкспортГаранттың аудитору шақырады. Басқарманың құзыреті ҚазЭкспортГаранттың Жарғысымен белгіленген. Жалғыз акционер Басқарманың

кез келген мүшесінің өкілеттіктерін тоқтатуға және ҚазЭкспортГаранттың Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жаңа мүшесін тағайындауға құқылы. Басқарма мүшелері қаржылық ұйымдардың басқарушы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс. ҚазЭкспортГарант Басқармасының басшысы Басқарма Төрағасы болып табылады. Басқарма мүшелігіне: Басқарма төрағасының орынбасарлары; функционалдық міндеттері мен жауапкершілік аймағы төмендегілер болып табылатын Департаменттер директорлары сайлана алады:

- ▶ Маркетинг және сату;
- ▶ Андеррайтинг;
- ▶ Қайта сақтандыру;
- ▶ Қаржы және есептілік;
- ▶ Заңдық қамсыздандыру.

Кандидаттардың әрқайсысын Басқарма мүшесі етіп сайлау туралы шешім Жарғыға сәйкес

қабылданады. Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес 2015 жылы ҚазЭкспортГаранттың Басқармасы мыналардан тұрды:

1. Садыков Еркін Токмухамедович – 2015 жылғы 1 қаңтардан 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін Басқарма Төрағасы;
2. Исаков Руслан Викторович – 2015 жылғы 1 қаңтардан 2015 жылғы 7 қазанға дейін Басқарма мүшесі;
3. Исмаилов Төлеген Толеуканұлы – 2015 жылғы 15 қазаннан 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін Басқарма мүшесі;
4. Бекхожин Ердан Ерланович – 2015 жылғы 1 қаңтардан 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін Басқарма мүшесі.

Есепті кезеңнің ішінде ҚазЭкспортГаранттың атқарушы органы қатысу тәртібімен өтетін 17 отырыс өткізді, оларда 121 мәселе қаралды және 37 құжат бекітілді.

ҚазЭкспортГарант Басқармасының қатысу тәртібімен өтетін отырыстарына оның мүшелерінің қатысу статистикасы:

№	ТАӘ	Отырыстарға қатысу	%
1	Садыков Еркін Токмухамедович	17-ден 17	100
2	Исаков Руслан Викторович	15-тен 15	100
3	Бекхожин Ердан Ерланович	17-ден 17	100
4	Исмаилов Төлеген Толеуканұлы	2-ден 2	100

12. БАСҚАРМА ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЯҚЫ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі принциптері ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесі 2013 жылғы 30 шілдеде жаңа редакцияда бекіткен (№ 71 хаттама) Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша басқарушы қызметкерлерге сыйақы беру қағидаларында көрсетілген және реттеледі.

Бұл Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және басқарушы қызметкерлерге сыйақы төлеудің шарттары мен тәртібін белгілейді.

Негізгі принциптері:

- сыйақының ҚазЭкспортГарант пен акционердің мүдделеріне жауап беретін міндеттерді орындаумен өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерін анықтау принциптерінің қарапайымдылығы және айқындылығы;
- сыйақы мөлшерінің қызмет нәтижелеріне тәуелділігі.

Қағидалар басқарушы қызметкерлерді бизнес-стратегиямен байланысты мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыруға бағытталған, әрбір басқарушы қызметкердің нәтижелерге қол жеткізу дәрежесін объективті бағалауға қабілетті, сыйақы әділ түрде беріледі және олардың жетістіктері үшін көтермеленеді.

ҚазЭкспортГарант қызметтің түпкілікті нәтижелеріне неғұрлым елеулі және тікелей ықпал ететін басқарушы қызметкерлердің тобын бөліп көрсетудің және оларға сыйақы беруге бірыңғай жүйелі тәсілдерді әзірлеудің стратегиялық маңыздылығын және қажеттілігін мойындайды. Директорлар кеңесі сыйақы төлеуді Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын ҚазЭкспортГаранттың тәуелсіз директорларына ғана жүзеге асырады. Бұрын тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және

шығыстарын өтеу тәуелсіз директорлардың ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесінің құрамында ақылы қызметтер көрсету шартының (бұдан әрі – Шарт) негізінде жүзеге асырылды. Бұл шарт «Самұрық-Қазына» АҰ Басқармасының 2009 жылғы 22 мамырдағы шешімімен (№ 55/09 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларының ажырамас бөлігі болып табылды. Шарт бойынша ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес Тәуелсіз директордың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ ҚазЭкспортГаранттың Тәуелсіз директорға Шартқа және Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес міндеттерін орындауымен байланысты сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу міндеті белгіленеді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылғы 04 сәуірдегі №09/14 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларын іріктеу, сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын бекітілді. Бұл қағидалар «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Қағидалардың негізгі мақсаты еншілес ұйымдардың Директорлар кеңестерінде жұмыс үшін неғұрлым білікті мамандарды тарту және ұстау бөлігінде корпоративтік басқарудың үздік практикаларын ендіру арқылы Холдингтің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қолғабыс көрсету болып табылады.

► **2013**

Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі принциптері ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесі 2013 жылғы 30 шілдеде жаңа редакцияда бекіткен (№ 71 хаттама) Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша басқарушы қызметкерлерге сыйақы беру қағидаларында көрсетілген және реттеледі

**ЖАЛПЫ
АҚПАРАТ**

37



13. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тәуекелдерді басқару жүйесі ҚазЭкспортГарант қызметінің ажырамас құрамдық бөлігі болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингтеуге, сондай-ақ қаржылық тұрақтылығы мен беделіне жағымсыз ықпал етуі мүмкін олардың деңгейін төмендету жөніндегі шараларды қабылдауға бағытталған.

ҚР Ұлттық Банкінің талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік практикаларына сәйкес тәуекелдер бойынша ұдайы есептілік ендірілген, мұнда ҚазЭкспортГаранттың Басқармасы мен Директорлар кеңесі кезең сайынғы негізде тәуекелдер жөніндегі жағдай туралы ақпаратты, соның ішінде тәуекелдер картасын, тәуекелдер жөніндегі есептерді алады. Сондай-ақ қажеттілігіне қарай Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдердегі елеулі өзгерістер туралы деректер беріледі.

ҚазЭкспортГарант ұдайы негізде уәкілетті қадағалаушы органға «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуы жөніндегі талаптар туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 Қаулысына сәйкес тәуекелдер жөніндегі есептілікті береді.

ҚазЭкспортГарант Басқармасының жанында құрылған Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет ҚазЭкспортГарантта жұмыс істейді. Сонымен қатар тәуекелдерді басқару қызметін жақсартуға және ҚазЭкспортГаранттың корпоративтік басқару рейтингі көтеруге ықпал ететін тәуекелдерді басқару саласындағы регламенттеуші құжаттар әзірленді.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есепті кезеңнің ішінде Тәуекелдерді басқару және актуарлық есеп айырысуларды басқару департаменті құрылымдық бөлімшелермен бірлесе отырып, ҚазЭкспортГаранттың тәуекелдерін кешенді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді. Бұл жұмыстың қорытындылары бойынша тәуекелдердің жаңа тіркелімі, тәуекелдер мен бақылау матрицасы әзірленді және бекітілді, тәуекелдер картасы және шараларды орындау мерзімдері мен жауапты тұлғаларды бекітумен 2016 жылға Жоғары және қатерлі тәуекелдерді басқару шараларының жоспары құрылды. ҚазЭкспортГаранттың Тәуекелдер тіркеліміне сәйкес 2015 жылдың соңына 37 тәуекел сәйкестендірілді, олардың 21 тәуекелінің басымдылығы жоғары, 16 – басымдылығы бойынша екінші. Өзекті тәуекелдер бойынша ақпарат төменде келтірілген:

Өзекті тәуекелдер

Қайта сақтандыру
тәуекелдері

Төтенше жағдайлар
тәуекелі. Ірі
сақтандыру
төлемдеріне алып
келетін елеулі
мөлшердегі
оқиғалардың басталу
тәуекелі

Өзекті тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар

Контрагент-ретроцессионерлердің қаржылық жағдайын, беделін үнемі мониторингтеу

Ретроцессионердің қаржылық тұрақтылығын және халықаралық рейтинг бағаларын талдаудың оң нәтижелері бойынша тәуекелді қайта сақтандыруға беру

Кіріс қайта сақтандыруға ұсыныстардың сапалы андеррайтингі

(Қайта)сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің жалпы көлемінен «Мүлікті сақтандыру» класы бойынша міндеттемелер жөніндегі лимитті белгілеу. Сараландыру, ірі апатты залалдардан қорғау мақсатында тәуекелді қайта сақтандыруға беру

Қайта сақтандыру жөніндегі кеңестің алқалық шешім қабылдауы

Өзекті тәуекелдер

Валюталық тәуекел

Өзекті тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар

Валюталық позицияларды тұрақты бақылау

Валюталық позицияға лимиттерді сақтау

Ай сайынғы стрестік тестілеуді/негізде валюталық бағамдар өзгерістерінің сезімталдығын тестілеуді жүргізу

Бағалы қағаздар қоржынының құнсыздану тәуекелі

Эмитенттердің қаржылық тұрақтылығын тұрақты мониторингтеу, бағалы қағаздар қоржынының құнын талдау

Қазынашылық қоржынды тиімді басқару, Инвестициялық саясаттың (өзгерістер енгізілді, ДК-нің 06.05.2016 ж. №102 шешімі) және Қаржылық активтерді және пассивтерді басқару регламентінің (өзгерістер енгізілді, Басқарманың 30.05.2016 ж. №311 шешімі) талаптарын сақтау

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің бағалы қағаздар қоржынының жағдайын бақылау

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жөнінде жүргізілген шаралардың тізбесі

► Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 19 маусымдағы №91 шешімімен Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің регламенті бекітілді;
► Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 19 маусымдағы №91 шешімімен Тәуекелдерді агрегациялау әдістемесі бекітілді;

► Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 19 маусымдағы №91 шешімімен Бизнес-процестерді, оларға тән тәуекелдерді және тәуекелдің өзекті индикаторларын анықтау әдістемесі бекітілді;
► Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 28 тамыздағы №94 шешімімен тәуекелдер бойынша келесі ішкі құжаттар бекітілді:

- Кредиттік тәуекелді бағалау әдістемесі;

- Бизнес-тәуекелді бағалау әдістемесі;
- Операциялық тәуекелдерге капиталды резервтеу әдістемесі;
- Нарықтық тәуекелді және өтімділікті жоғалту тәуекелін бағалау әдістемесі;
- Стрестік тестілеуді жүргізу және резервті анықтау әдістемесі;
- Операциялық тәуекелдерді басқару ережелері.

14. ПЕРСОНАЛМЕН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тұтас алғанда ҚазЭкспортГаранттың кадрлық саясаты адам ресурстарын басқарудың жоғары тиімділіктегі жүйесін, кадр саясатын іске асырудағы қызметтің айқындылығын көтеруге бағытталған жүйені құруға, озық дағдылары мен құзыреті бар жоғары деңгейдегі кадрларды тарту, оқыту және ұстау есебінен кәсіпқойлардың бәсекеге қабілетті командасын құруға бағытталған.

Штаттық кестеге сәйкес ҚазЭкспортГарант қызметкерлерінің құрамы 37 штаттық бірліктен тұрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚазЭкспортГаранттың жұмыс істейтін қызметкерлерінің нақты саны 36 адамды құрады. Кадрлар тұрақсыздығы 18,9 % құрады, орташа тізімдік саны 37 адамды құрады.

ҚазЭкспортГарант қызметкерлер оқытудың 2015 жылға арналған жоспарына сәйкес барлық қызметкерлер оқудан өтті, мұнда процесс корпоративтік басқару, ішкі бақылау жүйесі және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, тәуекелдерді басқару, қаржылық есепке алу және басқа мәселелер бойынша қызметкерлердің кәсіби білімін жақсартуға бағытталды. 2015 жылдың желтоқсанында ҚазЭкспортГаранттың қызметкерлерін екі аттестаттау өткізілді: атқаратын лауазымдарына сәйкестікке және «Іскерлік әдеп кодексін» білуге.

Қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуы мақсатында ҚазЭкспортГаранттың Директорлар кеңесінің отырысында «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ басқарушы қызмет-

керлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру ережелері» әзірленді және бекітілді (2015 жылғы 28 тамыздағы № 94 хаттама), «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру саласындағы саясатына» өзгертулер мен толықтырулар енгізілді (2015 жылғы 28 тамыздағы № 94 хаттама), «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережелеріне» өзгертулер мен толықтырулар енгізілді (2015 жылғы 5 мамырдағы № 90 хаттама).

Бұған қоса, 2015-2016 жылдарға ауыру жағдайына ерікті медициналық сақтандыру шартына қол қойылды.



15. БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ МАҚСАТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Шикізаттық емес экспортты қаржылық-сақтандыру қолдаумен дамытудың келесі кезеңінде ҚазЭкспортГаранттың алдында тұрған өзекті міндет экспорттық операцияларды қолдау ауқымын, қолдау көрсетілген экспорттаушылардың және шетелдік нарықтарға шығуды жоспарлап отырған кәсіпкерлік субъектілерінің санын ұлғайту болып табылады. Келешекте ҚазЭкспортГаранттың қызметі төмендегілер арқылы экспорттаушыларды қаржылық-сақтандырумен қолдау көлемін кеңейту жолымен өңделген экспорттың көлемін өсіруге бағытталған болады:

1. Заемдарды ерікті сақтандыру бойынша өнім шығару, мұнда заемды ҚазЭкспортГаранттың сақтандыруымен жабу есебімен

қамсыздандыру экспорттаушыларға қаржыландыруға қол жеткізуді ұлғайтады.

2. Болашақ тиеп-жөнелтулер үшін аванстар түрінде қаржыландыруды тарту құралы ретінде импорттаушының алдын ала төлемін сақтандыру жөніндегі өнімді шығару.

3. ЕДБ қорландыру және Даму Қорының субсидиялауы арқылы қолайлы шарттарда экспорттық мәмілелерді қаржыландыру арқылы отандық өнімдердің бәсекелестік артықшылықтарын арттыру мақсатында қаржыландырудан кейін мөлшерлемені субсидиялау жөніндегі өнімді өткізу.

Осыған байланысты ҚазЭкспортГарант сақтандырудың ерікті кластары бойынша лицензияларды алу мақсатында және экспорттық са-

удалық қаржыландыру жөніндегі пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бөлігінде «Бизнестің жол картасы - 2020» Бағдарламасына өзгертулер енгізу жөніндегі қажетті шараларды өткізуде.

Тұтас алғанда, аталған шаралар ҚазЭкспортГарантқа ИИДМБ-на сәйкес басым салаларда экспорттаушылар үшін тұрақты артықшылықтар құруға, ИИДМБ бойынша өткізудің мақсатты нарықтарына сәйкес отандық өнімдердің тауарлық және географиялық бағытталу көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ экспорттық келісімшарттар бойынша қаржылық-сақтандырумен қолдау сыйымдылығын ұлғайтуға және өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға және оны кеңейтуге мүмкіндік береді.



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

42



16. ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

2015 жыл үшін қаржы есептілігіне «КПМГ Аудит» ЖШС халықаралық аудиторлық компаниясы аудит жүргізді. «КМГ Аудит» ЖШС-нің пікірінше, қаржы есептілігі 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚазЭкспортГаранттың қаржылық жағдайының барлық елеулі аспектілерін, сондай-ақ осы күні аяқталған жыл үшін оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес дұрыс көрсетеді.

2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)			
	Ескертпе	2015 жыл мың теңге	2014 жыл мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	10	1,641,980	1,477,094
Банктердегі шоттар және депозиттер	11	3,835,778	2,007,031
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер	12	8,806,861	9,044,131
Негізгі құралдар		17,421	18,027
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	13	596,735	125,957
Ағымдағы салықтық актив		-	41,103
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі	14	439,344	21,998
Кейінге қалдырылған салық ативтері		1,851	5,056
Өзге активтер		12,008	13,089
Барлық активтер		15,351,978	12,753,486
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	14	1,951,351	706,654
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек		14,977	24,560
Ағымдағы салықтық міндеттеме		14,360	-
«Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған заем		392,814	444,519
Өзге міндеттемелер		74,978	50,263
Барлық міндеттемелер		2,448,480	1,225,996
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	15 (a)	9,200,000	9,200,000
«Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтықтан төмен мөлшерлеме бойынша алынған заем бойынша қосымша төленген капитал		732,819	732,819
Тұрақтандыру резерві		12,349	-
Болжап білмеген тәуекелдер резерві	15 (r)	509,802	-
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау жөніндегі резерв		(1,809,912)	(1,427,683)
Бөлінбеген пайда		4,258,440	3,022,354
Барлық капитал		12,903,498	11,527,490
Міндеттемелер мен капиталдың барлығы		15,351,978	12,753,486

ПАЙДАЛАР МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	Ескертпе	2015 жыл мың теңге	2014 жыл мың теңге
Есептелген сақтандыру сыйлықақысы, брутто	5	1,662,357	723,742
Есептелген, қайта сақтандырушыларға берілген сақтандыру сыйлықақысы	5	(511,461)	(18,590)
Есептелген сақтандыру сыйлықақысы, нетто		1,150,896	705,152
Аққұла сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгерістер, брутто	5	(922,233)	(78,100)
Аққұла сыйлықақылар бойынша резерв өзгерісіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі, брутто	5	392,866	2,633
Еңбекпен табылған сақтандыру сыйлықақысы, нетто		621,529	629,685
Төленген шағымдар	6	(175,889)	(126,893)
Төленген шағымдардағы қайта сақтандырушылардың үлесі	6	43,125	-
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгерістер, брутто	6	(322,464)	(226,050)
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесінің өзгерісі	6	24,480	1,192
Төленген шағымдар, нетто		(430,748)	(351,751)
Таза қаржылық табыс	7	464,114	537,366
Шетелдік валютамен операциялардан алынған таза пайда		2,147,427	394,508
Таза комиссиялық табыстар/(шығыстар)		38,445	(73,821)
Жалпы әкімшілік шығыстар	8	(465,973)	(421,390)
Өзге операциялық табыс, нетто		10,869	2,371
Табыс салығын шегеруге дейінгі пайда		2,385,663	716,968
Табыс салығы бойынша шығыстар	9	(438,255)	(86,398)
Жыл ішіндегі пайда		1,947,408	630,570
Табыс салығын шегергенде өзге жиынтық табыс			
<i>Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау жөніндегі резерв:			
- Әділ құнның таза өзгерісі		(548,525)	(96,344)
- Пайданың немесе залалдың құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгерісі		166,296	24,508
Табыс салығын шегергенде жыл ішіндегі өзге жиынтық табыс		(382,229)	(71,836)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс		1,565,179	558,734

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

	2015 жыл мың теңге	2014 жыл мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді сатудан түскен түсім	73,286	455,676
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(12,989)	(10,670)
Ақша қаражаттарын(ның) инвестициялық қызметке(тен) (пайдалану)/түсуі	60,297	445,006
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
«Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған заемды өтеу	(92,735)	(307,309)
Төленген дивидендтер	(189,171)	(239,896)
Ақша қаражаттарын қаржылық қызметте пайдалану	(281,906)	(547,205)
Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза (азаюы)/ұлғаюы	(340,962)	637,327
Валюта бағамдарының өзгерістерінің ақша қаражаттарының және олардың баламаларының шамасына ықпалы	505,848	28,279
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	1,477,094	811,488
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары (10-ескертпе)	1,641,980	1,477,094

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде Компания төлеген және алған пайыздардың сомасы тиісінше 276 мың теңге және 708,648 мың теңге болды.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде Компания төлеген және алған пайыздардың сомасы тиісінше 1,866 мың теңге жән

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

мың теңге	Акциянерлік капитал	«Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтықтан төмен мөлшерлемес бойынша алынған заем бойынша қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау жөніндегі резерв	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	9,200,000	764,364	(1,355,847)	2,631,680	11,240,197
Барлық жиынтық табыс					
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	630,570	630,570
Өзге жиынтық табыс					
<i>Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>					
Әділ құнның таза өзгерісі	-	-	(96,344)	-	(96,344)
Пайданың немесе залалдың құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгерісі	-	-	24,508	-	24,508
Барлық өзге жиынтық табыс	-	-	(71,836)	-	(71,836)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс	-	-	(71,836)	630,570	558,734
Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
Төленген дивидендтер (15 (в) ескертпесі)	-	-	-	(239,896)	(239,896)
Қосымша төленген капиталды азайту	-	(31,545)	-	-	(31,545)
Меншік иелерімен барлық операциялар	-	(31,545)	-	(239,896)	(271,441)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	9,200,000	732,819	(1,427,683)	3,022,354	11,527,490

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңгемен)

мың теңге	Акцияонерлік капитал	«Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтықтан төмен мөлшерде бойынша алынған заєм бойынша қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау жөніндегі резерв	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	9,200,000	764,364	(1,355,847)	2,631,680	11,240,197
Барлық жиынтық табыс					
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	630,570	630,570
Өзге жиынтық табыс					
<i>Пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>					
Әділ құнның таза өзгерісі	-	-	(96,344)	-	(96,344)
Пайданың немесе залалдың құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгерісі	-	-	24,508	-	24,508
Барлық өзге жиынтық табыс	-	-	(71,836)	-	(71,836)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық табыс	-	-	(71,836)	630,570	558,734
Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
Төленген дивидендтер (15 (в) ескертпесі)	-	-	-	(239,896)	(239,896)
Қосымша төленген капиталды азайту	-	(31,545)	-	-	(31,545)
Меншік иелерімен барлық операциялар	-	(31,545)	-	(239,896)	(271,441)
2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	9,200,000	732,819	(1,427,683)	3,022,354	11,527,490

Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қ.,
Зенков көшесі, 80, 2-қабат

Факс: 7 (727) 293 88 37
Call-center: 7 (727) 250 00 21
E-mail: info@keg.kz



